# Сабақ тақырыбы:

# Отан отбасынан басталады

**Сабақтың мақсаты:**

**Білімділік:** отбасы, туыстық тақырыптарына қатысты сөздерді қайталау, бекіту. Тіл үйренушілердің осы сөздерді қолдану дағдысын қалыптастыру.

**Дамытушылық:** тілді үйрену белсенділігін арттыруға түрлі әдіс-тәсілдер арқылы жағдай жасау, логикалық ойлау жүйесінің, есте сақтау қабілетінің дамуына күнделікті өмірде қажетіне байланысты қолдана білуге жол ашу.

**Тәрбиелік:** Ұлттық дәстүрмен таныстыру, туыстық қарым-қатынасты сақтау, үзбеу сияқты адам тәрбиелеуде үлгі болатын әдет-ғұрыптарды білгізуге жағдай жасау, имандылыққа, адами қасиеттерді сыйлауға тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** Интелектуалдық, білімді бекіту, жүйелеу сабағы.

**Әдіс-тәсілдері:** аралас (аударма, натуралды) -коммуникативті, ойландыру, анализ, синтез, топтау, жарыс.

**Пән аралық байланыс:** қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, этикет .

**Сабақтың көрнекілігі:** Компьютер, кестелер, сызбалар, тест жинақтары.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру мезгілі.
II. Ой қозғау. *Жазба жұмысы*
III. Ой талқылау.
IV. Грамматикалық тапсырма. *Топтық жұмыс*
V. Қазақтың киелі сөздері. *Топтық жұмыс*
*VI. Білгенге маржан. Мақалдың жалғасын тап.*
*VII. "Күміс тенге алу" ойыны*

1. Суретпен жұмыс. Қазақтың салт- дәстүрлері.
2.Тест жұмысы.

VIII. Қорытынды
IX.Үйге тапсырма беру.

Отан отбасынан басталады. Ал, отбасы неден басталады?

**Отанға деген ыстық сезімнен, жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.**

**Н.Ә.Назарбаев**

**Отбасы** – сыйластық, жарастық орнаған орта.

**Отбасы –** бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы.



Қазақ деген халық осы.
(Бір оқушы өлең оқиды).

Қ.Мырзалиев.

"Қазақ осы."

Қазақ осы: Дала дейтін, күн дейтін.
Қазақ осы "Өнер алды - тіл" дейтін.
Қазақ осы "Қарасың ба, ақсың ба,
қызылсың ба, жатырқауды білмейтін".
Қазақ осы ашық-жарқын қабағы.
Қонақ келсе, шабылып бір қалады.
Байқа да тұр, саған да ол кетерде.
Ат мінгізіп, жібек шапан жабады.
(Орысша мағынасын түсіндіреді)

# 2. Ой қозғау. Жазба жұмысы




Ата-
әже
ағa-іні
тату-
тәтті
әпке-
сіңлі
оқиды,
жұмыс
істейді
оның
жасы
жақсы
көремін
Отбасы

# 3.Ой талқылау.

Әкенің қандай қасиеттері болуы керек деп ойлайсыз?



## 4.Грамматикалық тапсырма

# Тәуелдік жалғау

**(притяжательные аффиксы)**

| Оңаша ( частная) | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Соңғы дыбыс (Конечный звук)**<br>**Жақ (лицо)** | **Дауысты (Гласные)** | | **Дауыссыз (Согласные)** | |
| **1. Менің (Мой)** | -м балам | -м әкем | -ым досым | -ім үйім |
| **2. Сенің (Твой)** | -ң балаң | -ң әкең | -ың досың | -ің үйің |
| **3.Сіздің (Ваш,Ваше, Ваши)** | -ңыз балаңыз | -ңіз әкеңіз | -ыңыз досыңыз | -іңіз үйіңіз |
| **3. Оның ( его, ее)** | -сы баласы | -сі әкесі | -ы досы | -і үйі |
| **Буын (Слог)** | Жуан (твердый) | Жіңішке (мягкий) | Жуан (твердый) | Жіңішке (мягкий) |

Таблица 5

# Тәуелдік жалғау. Көпше түрі

(Притяжательные аффиксы. Множественное число)

| Ортақ (Общая) | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Соңғы дыбыс (Конечный звук) | Дауысты (Гласный) | | Дауыссыз (Согласные) | |
| 1.Біз(дер)дің ( наш, наши) | бала-лар-ымыз | әке-лер-міз | дос-ымыз | үй -іміз |
| 2. Сендердің (Ваш, Ваши) | бала-лар-ың | әке-лер-ің | жыл-дар-ың<br>тау-лар-ың<br>дос-тар-ың | көз-дер-ің<br>үй -лер-ің<br>тіс-тер-ің |
| Сіздердің (Ваш,Ваше, Ваши) | бала-лар-ыңыз | әке-лер-іңіз | жыл-дар-ыңыз<br>тау-лар-ыңыз<br>дос-тар-ыңыз | көз-дер-іңіз<br>үй-лер-іңіз<br>тіс-тер-іңіз |

# Топтық жұмыс

Менің отбасым үлкен. Екі ұлым және бір қызым бар. Әйелім менеджер болып жұмыс істейді. Өзім – заңгермін. Әйелім екеуміз балаларды бірге тәрбиелейміз. Балаларымыз – үлгілі студент, сабақтарын жақсы оқиды. Балаларымыз – болашағымыз. Олар үлкен азамат болса екен деп тілейміз. Біз – бақытты отбасымыз.

Досымның отбасы үлкен. Әкесі сыйлы адам. Ол көп кісілерге, туыстарға көмектеседі. Інілеріне қамқор. Оның әкесін құрметтеймін.

# 4.Қазақтың киелі сөздері *Топ жарыс*

*1 – топ сұрақтары*

**1. Сіз не айтар едіңіз?**
**«Өркенің өссін, қалқам!» дегенді қалай түсінесіз?**
**Қандай адам сыйлы болады?**

**2. «Ана сүтін Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарып келсең де, өтей алмайсың»**

**3. «Қазақтар – « Төріңнен қарт кетпесін» деп тілеген халық. «Әкеге бағыну - Аллаға бағыну.**

**4. «Әкесін сыйламағанды, баласы сыйламайды».**

*2 – топ сұрақтары*

**5. «Ананың көңілі – балада, баланың көңілі – далада»**

**6. «Баланы жетіге келгенше тыйма, жетіден он төртке келгенше құлынша қина, он төрттен кейін құрдасыңдай сыйла»**

***7. «Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік»***

**8. « Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар»**

# 6. Білгенге маржан



Әке – асқар тау,

Ана – бұлақ,

Бала – құрақ. (*Вид травы – құрақ)*·

Әкені не үшін «асқар тау» дейміз?
Ананы не үшін «бұлақ» дейміз? Сіздің ана тіліңізде әкеге, анаға, Балана, отбасына байланысты қандай мақалдар бар?

1. Ұяда не көрсең, ұшқанда, ... .
2. Анасына қарап, ... .
3. Балалы үй – базар, ....
4. Ел-елдің бәрі жақсы, өз елің … .
5. Білімдіге дүние жарық, білімсіздің … .
6. Жаман жолдастан, ... .

# “Күміс теңге алу” ұлттық ойын

1.Сурет жұмбақ











Кокпар - это командная игра. В неё могут принимать участие до 50 человек! По команде всадники устремляются к туше козла, брошенной на расстоянии 50-60 шагов. На парня, первым поднявшим тушу с земли, нападают его соперники, стараясь его догнать и отобрать кокпар.







Во время праздников юноши и девушки выходят в поле и по знаку, стегнув коня, девушка срывается с места, а юноша бросается вслед её догонять. Главное правило для девушки в Кыз-куу - мчаться на коне изо всех сил и не дать себя догнать, иначе ей придётся стать невестой догнавшего её ездока.



Кыз-куу. У парня же задача противоположная: он должен настигнуть и поцеловать девушку, прежде чем она доедет до отмеченной территории. Если юноша её не догоняет, то он разворачивается назад и скачет обратно. Если же девушка догонит парня, то она стегает его камчой. Очень зрелищное представление!





Наиболее распространенный вид охоты у казахов – охота с беркутом. Из поколения в поколение охотники передают секреты мастерства, традиции выращивания и обучения беркута. Эта птица способна одолеть в поединке даже лису или волка. Кульминационный момент нападения беркута на добычу и их ожесточенная борьба вызывают неподдельное волнение.





Байга́ — один из древнейших и популярнейших видов конного спорта у многих тюркских народов ( татар, казахов, узбеков, киргизов, алтайцев).

Байга - это скачка по пересечённой местности на длинную дистанцию (5—15, а в прошлом и более 50 км), в которой важнейшую роль играет тактическое мастерство всадника.



# Аударыспак



Борьба на лошадях - одна из самых напряженных, зрелищных и любимых казахских игр. Побеждает тот, кто смог побороть своего противника и стащить его с коня. В этом состязании нужно проявить не только силу и ловкость, но и умение удержаться в седле в самых сложных ситуациях.





Айтыс - состязание казахских народных певцов (акынов). Своеобразный певческий диалог, участнки которого стараются превзойти друг друга в исполнении песен. Айтыс, вошедшие в быт народа, заключают в себе элементы драматического действия, развивают искусство импровизации (песни сочиняются экспромтом), речевую культуру.





Беташар

Обязательная традиционная песня-жыр. В юрту отца жениха, где все собираются, приводят невесту в полном свадебном наряде. По обе стороны невесты, взяв ее под руки, стоят учтивые, благовоспитанные снохи. Певец-импровизатор, характеризуя в стихах каждого из почтенных родственников, призывает невесту отдать поклон в его честь. Невеста должна поклониться каждому, а в ответ на это близкие родственники мужа дают «корімдік» (подарок при показе невесты). «Беташар» заканчивается наставлениями, пожеланиями, советами.





Когда ребенка впервые укладывают в колыбель, проводится обряд "бесікке салу" ("укладывание в колыбель"). Право осуществить такую ответственную миссию поручается, как правило, специально приглашенной мудрой и уважаемой бабушке, имеющей многочисленное потомство.

Прежде чем укладывать младенца в колыбель, к ее изголовью привязывают амулет, который, согласно поверью будет защищать его от злых духов.

# 2. Тест жұмысы

## Қазақстанның астанасы болған қалаларды көрсет.

A) Сайрам, Жамбыл

B) Тараз, Түркістан, Теміртау

C) Астрахань, Орал, Семей

D) Қызылорда, Алматы, Шымкент

E) Орынбор, Қызылорда, Алматы

**Туылған баланың бесігін кім сыйлайды?**

А) Әкесінің інілері.
В) Баланың нағашылары.
С) Баланың әке – шешесі.
Д) Баланың құрдастары.
Е) Баланың ағалары.

## Кимешекті кім киеді?

А) Жас келіншек.
В) Бойжеткен.
С) Қыз.
Д) Жасы келген әйелдер.
Е) Бозбала.

**Түркістан қаласының ежелгі атын тап.**

А) Иасы

В) Сайрам

С) Үрімші

Д) Отырар

Е) Фараб

**Дұрыс аудармасын тап.**

***Отан оттан да ыстық.***

А) Родины тепло – огня жарче.

В) Родная земля – золотая колыбель.

С) И лук на земле сладок.

Д) Каждому родная земля – рай.

Е) Джигита доля – за Родину стоять.

**Жас жұбайларға арнап не дайындайды ?**

А) Қос

В) Ақ отау

С) Ақ киіз

Д) Киіз үй

Е) Ағаш үй

**Киіз үйдің жиһаздарын көрсет.**

А) Кебеже, сандық

В) Кереует, шифонер

С) Диван , кресло

Д) Ер тоқым

Е)  Сандық, кереует

**Мақалдың қазақ тіліндегі баламасын тап.**

***Мастер на все руки***

А) Отан үшін күрес- елге тиген үлес.

В)Өнерлінің өзегі талмас.

С)Өнерлі өрге озады.

Д) Бір тал кессең, он тал ек.

Е) Он саусағынан өнері тамған.

**Шілдехананы қай уақытта өткізеді?**

А) Бала дүниеге келгенде.
В) Балаға 40 күн толғанда.
С) Бала мектепке барарда.
Д) Бала алғаш рет атқа отырғанда.
Е) Баланың тұсауын кескенде.

**Мақалды аяқта.**

***Оқу - білім бұлағы ,***

***.................................***

А) Гүл -жер көркі.

В) Кітап – өмір тірегі.

С) Білім – өмір шырағы.

Д) Он тал ек.

Е) Мектеп – білім бұлағы.

# 8. Қорытынды.

**Отбасы** – адам ғұмырының тірегі ғана емес, қоғамның да басты негізі.

***«Отбасы – тіршіліктің тірегі...»***.



## Білгенге маржан

Қазақта «Үлкенге құрмет, кішіге – ізет» деген жақсы сөз бар. Үлкендердің алдынан кесіп өтпеу, алдына шығып сөйлемеу – кішілерге міндет. Үлкендерді сыйлау арқылы  өзіңізден кішілердің құрметіне ие боласыз.



**Мақалдың мағынасын қалай түсінесіз?**

1. Анасының туыстары – нағашы жұрты.

Әйелінің төркіні – қайын жұрты.

Өзінің туып өскен жұрты - өз жұрты.

Қыздың күйеуге шығуы – тұрмысқа шығу.

Жігіттің әйел алуы – үйлену.

— Отбасыңызда қанша адам бар?

— 4 адам бар.

2) — Сіз үйде нешінші баласыз?

— Тұңғышымын. тұңғыш – первенец

3) — Қарындасыңыз бар ма?

— Иә, бар

4) — Ініңіз бар ма?

— Жоқ.

5) — Отбасы туралы айтқанда ең бірінші кімді ойлайсыз?

— Анамды ойлаймын.

6) — Сіздің әкеңіздің жасы нешеде?

— 50-де.

Үлгі: — Сіздің әкеңіздің жасы нешеде?

— Менің әкемнің жасы 52-де.

Мұқағали ақынның өлеңдерін осында жинақтайық.
АЛЛА барлықтарыңыздың жүректеріңізге иман ұялатсын*

ҚАЗАҚ ЖЕРІ

Пай! Пай! Пай! Киелі неткен жер!
Батырлар дүрілдеп өткен жер,
Тұлпарлар дүбірлеп төккен тер,
Ғашықтар бір-бірін өпкен жер,
Сарылып сал-сері кеткен жер.
Бас иіп, иіскеп топырағын,
Тағзым жасамай өтпеңдер!



Мына өлке, мына аймақ, бұл маңда
Құлшылық етемін тұрғанға,
Құлшылық етемін құмдарға,
Тағзым жасаймын қырларға!
Шүкірлік етемін қашан да
Осы бір Отанда тұрғанға!

Жазы бар жалынмен жандырған,
Қысы бар аязға қардырған.
Көктемі - балауса, балдырған,
Ал күзі - алып бір ақ қырман,
Ақ дәннен ақ нөсер жаудырған,
Күрең нан жаңа алған тандырдан.
Көлденең көлбеген көкжиек
Қыранның қанатын талдырған.

25-желтоқсан, 1974-ж.

Қыз ұзату тойы қызы өз үйінен тұралыңдығын алып кетерде қызды шығарып салу үшін жасалады.

2. Қоныс той жаңа үйге кіргенда жасалады.

3. Шілдехана бала туылғанда жасалады.
9. Үйлену тойына арналған тілектер

Құрған шаңырақтарың құтты болсын!
Ата-аналарыңды сыйлаңдар!
Қоныс тойға арналған тілектер
Қоныс құтты болсын!
Үйлеріңнен құт-береке кетпесін!
Шілдеханада айтылатын тілектер
Дүниеге келген баланың бауы берік болсын!
Өмір жасың ұзақ, үлкен азамат болып өс!

# 9. Үйге тапсырыма беру.